

Хаттама № 2.

« 18 » қаңтар 2024 ж

Қатысқандар: 17

Қатыспағандар: 4

Күн тәртібі:

1. Ғылыми құндылық - ғылымға ғажайып жол.
2. II-тоқсан қорытындысы
3. Түрлі мәселер.

Тыңдалды:

Ғазді Сымоң немесі Р.Тарабкова аман, келген ама-ақаларға нақа 2024 жылға құттыққады. Нақа көңілі мен табыс тіледі. Ама-ама мен бала байланысы үзгісіз күннің ақшадан мәселі: екені білеміз. Олбасыдағы ғылымға құндылық өз дәрежінде баласа өскен ұрпақтың рухани маңызына мектептің ама аманмен азда етеді. Ғылымға да келген ама-амаға өз баласынға баласындағы мектептің қабаттығы дағдына көмектесу керектігі, ама на көрсетіп, дұрыс бағат-бағдар беруі керек екенің айтты өтті.

II-тоқсан қорытындысына мәнмен наса, сонымен 2024-жылғы бар, амағы 1-і үзгісі Ғылымға А, 12 екеніңің ақшадан бар. Ғылымға білім сапасы - 6.2, орта балы - 3.7.

Қаңтар, амағы айында ҒБТ мәселесі барғын ама-ақалар өз нақагершілігіне аламандағы айтты. Ғылымға мағалот, дұрыс, әдеті соғысуі нәсі мектепке мәселесі ақшадан рухани наса екеніңің ескертті.

Қаулы:

Қаңтар, амағы айында ҒБТ-ға баратын ақшадан наса қауіптіңің нәсі қамсыз ама-ақалар мәнмен.

Жиналыс төрағасы: Р.Т. Тарабкова.

Хатшысы: [Signature]

Ата-аналар жиналысының тақырыбы:

«Отбасы құндылықтарының бала үшін маңызы»

Максаты: Жалпыадамзаттық құндылықтар ретінде түсініктерін кеңейту. Ата-аналардың рухани жан дүниесін байыту арқылы сүйіспеншілікке жетелеу. Отбасында бір-бірін аялауға, сүйуге, қиыншылықты жеңе білуге, төзімділікті және т.б асыл қасиеттерді үйрету.

**Баласына тәлім-тәрбие берер ата-анасы болса,
өнеге алар бала ешқайда бармайды.
(Халық даналығы)**

**Баланы түсіне білуді үйрену керек,
оны тыңдай және
өзіңді тыңдата білу керек.**

Өтілу мерзімі: 20.09. 2023ж

Бекітемін:
мектеп-гимназия
директоры: Ж.К.Нұрқұл

К/с	Ата-аналар жиналысының тақырыбы	Уақыты	Өтілетін орны	Жауапты
I Кіріспе				
1	Мұғалімдер бөлмесін дайындау.	Сағ: 17 ⁰⁰ -17 ⁴⁰		Демеуова Г Бектаева З Кульбаева А
2	Қатысушыларды тіркеу.	Сағ: 17 ³⁰ -18 ⁰⁰		Дауітбаева Г Пірназарова Ж.
3	Топқа бөлу Ата-аналарды «Көңілді экран» әдісімен қарсы алу. Ата-аналар жиналысының ашылуы.	Сағ: 18 ⁰⁰ -18 ¹⁵		ДТДЖО Мектеп-гимназия директоры: Ж.К.Нұрқұл
II Негізгі бөлім				
3	2023-2024 оқу жылының ерекшеліктерімен таныстыру.	Сағ: 18 ⁰⁰ -18 ¹⁵		Мектеп-гимназия директоры: Нұрқұл Ж.К
4	«Менің танымдық әлемім» тренингі	Сағ: 18 ¹⁵ -18 ³⁰		ДОДЖО: Шерова Г
5	Оқушылардың ыстық тамақпен қамтылуы және мектеп оқушыларының әлеуметтік бөлінісі.	Сағ: 18 ³⁰ -18 ⁴⁰		Әлеуметтік-педагог Даулетова А
6	«Біртұтас тәрбие бағдарламасы: ұлттық мүдде, ар-ұят, талап»	Сағ: 18 ⁴⁰ -18 ⁵⁰		ДТДЖО: Досалиева Ұ
7	«Бала әлемінің қыры мен сыры»	Сағ: 18 ⁵⁰ -19 ⁰⁰		Педагог-психолог: Азимбаева С
8	Қамқоршылық кеңесіне сөз.	Сағ: 19 ⁰⁰ -19 ¹⁰		Кенес төрайымы: Ысмайыл Б
9	Ата-аналар жиналысын қорытындылау, ата-аналар комитетін сайлау.	Сағ: 19 ¹⁰ -19 ³⁰		Мектеп-гимназия директоры: Ж.К.Нұрқұл

**Қ.Тұрсынқұлов атындағы мектеп – гимназиясында «Отбасы құндылықтарының
бала үшін маңызы» атты ата-аналар жиналысының
Хаттамасы №1**

Күн тәртібінде:

1. 2023-2024 оқу жылының ерекшеліктерімен таныстыру. Мектеп-гимназия директоры Нұркүл Ж.Қ
2. «Менің танымдық әлемім» тренингі ДОДЖО Г.Шерова
3. Оқушылардың ыстық тамақпен қамтылуы және мектеп оқушыларының әлеуметтік бөлінісі. Әлеуметтік-педагог А.Даулетова
4. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы: ұлттық мүдде, ар-ұят, талап» ДТІЖО Ұ.Досалиева
5. «Бала әлемінің қыры мен сыры» треннинг. Педагог-психолог С.Азимбаева
6. Ата-аналар комитетін сайлау. Мектеп-гимназия директоры
7. Қамқоршылық кеңесіне сөз.

Мақсаты: Жалпы адамзаттық құндылықтар ретінде түсініктерін кеңейту. Ата-аналардың рухани жан дүниесін байыту арқылы рухани жан дүниесін кеңейту

Қатысқандар:

Мектеп-гимназия директоры: Ж.Қ.Нұркүл
Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Ұ.Досалиева
Педагог-психолог: С.Азимбаева
Әлеуметтік педагог: А.Даулетова
Қамқоршылық кеңесінің мүшелері: Б.Ысмайыл, Т.Абдулла
Ата –аналар саны: 93

Тыңдалды:

Алғаш сөзді мектеп директоры Нұркүл Жанат Қаныбекқызы мектебіміздің барлық ата-аналарын биылға 2023-2024 оқу жылының басталуымен құттықтап, «Отбасы құндылықтарының бала үшін маңызы» атты ата-аналар жиналысының мақсатын айтып өтті.

Биылғы мектебіміздің миссиясы: Оқушылардың ерекшеліктері мен қабілеттерін ескере отырып, олардың оқып тәрбиеленуіне барынша қолайлы жағдай жасау, білім беру трендтерін қолдану арқылы оқушыларды инновациялық өзгерістерге бейімдеу.

Болашаққа бағдар/көзқарасы: Білімді, сыни ойлай алатын ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру.

Стратегиялық мақсаты: Мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігіне қолдау көрсете отырып, инновациялық менеджмент модельдерін енгізу арқылы оқушылардың терең білім мен тәрбие беру ісін одан әрі дамыту және жетілдіру.

Құндылықтар: Өз елінің патриоты, азаматтық жауапкершілік қалыптасқаны, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсететін құндылығы қалыптасқан тұлға

Міндеттері:

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2023-2029 жылдарға арналған Білім беруді дамыту бағдарламасын жүзеге асыру;

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында жұмыс жүргізу; «Біртұтас тәрбие бағдарламасының» ұлттық, адами құндылықтарға негізделген тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру;

Оқушылардың білімдегі жіберілген олқылықтардың орнын толтыру бойынша жұмыстар жүргізу;
Мұғалімдердің шеберлік деңгейі мен әдістемелік дайындығының кәсіби біліктілігін арттыру;

Мұғалімдердің сапалық құрамы:

жоғарғы білімді мұғалім саны – 172

магистр мұғалім – 11

педагог-шебер – 8 мұғалім

педагог-зерттеуші – 52 мұғалім

педагог-сарапшы 41 мұғалім

педагог-модератор - 38 мұғалім

Сынып-комплект саны –60 және мектепалды даярлық сыныбы 4 топ барлық оқушы саны 1444 оқушы білім алуда

1-4 сыныптар оқушы саны:568

5-7 сыныптар оқушы саны:364

8-11 сыныптар оқушы саны: 512

Мектеп оқушыларының ыстық тамақпен қамтылуы

2023-2024 оқу жылы 1-қыркүйектен бастап 1-4 сынып бойынша 567 оқушыға жаппай мектеп асханасынан ыстық тамақ берілуде.5-8 сыныптар бойынша 1%-тік оқу қоры есебінен 19 оқушы, барлығы 586 оқушы ыстық тамақпен қамтылды.

Мектеп-гимназия оқушылары олимпиадалар мен ғылыми жоба жарыстарынан зор жетістіктерге жетіп, жыл сайын жанартып келеді.

Халықаралық пәндік олимпиада – 1 оқушы

Халықаралық спорттық жарыстар -- 27 оқушы

Республикалық пәндік олимпиада – 1 оқушы

Республикалық спорттық жарыстар – 103 оқушы

Облыстық пәндік олимпиада – 11 оқушы

Халықаралық ғылыми жоба жарысы – 1 оқушы

Республикалық ғылыми жоба жарысы – 3 оқушы

Облыстық ғылыми жоба жарысы – 38 оқушы

Спорт шебері -- 22 оқушы

Гимназия түлектерінің 75%-ы техникалық мамандықтар бойынша еліміздің жоғарғы оқу орындарында білімін жалғастыруда.

Сүлеймен Демирел университетіне – 1 оқушы

«Болашақ бағдарламасы» бойынша – 2 оқушы екендігін таныстырды.

Екінші ксзсктс дирсктордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Г.Шсрова жанадан келген ата-аналармен «Танысу» тренингін жүргізді.

Үшінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісінің орынбасары Ұ.Досалиева биылғы оқу жылындағы тәрбие саласына енген өзгешеліктерге тоқталды. Биылғы тәрбие жұмысының мақсаты: Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу. Тәрбие бағытының негізгі мақсаты бала бойына азаматтық құндылықты сіңіру керектігін түсіндірді. Жиналыс барысында «Бала әлемінің қыры мен сыры» атты тренинг жүргізіліп, ата-аналар ойы сұралды. Жиналыс соңында ата-аналар комиттетін сайланды. Ата-аналар комиттетінің төрағасы Сеңгірбаев Сейдулла, мүшелері: Бейсебаева Нұрсұлу Тұрлыбековна, Куандыкова Асия Қайратқызы, Мамыкова Дана Жумабекқызы.

Жиналысты қамқоршылық кеңесінің төрайымы, Ысмайыл Бағила Мұратқызы ата-аналардың қазіргі таңда агрессивті екендігіне тоқталып өтіп, біздің мақсат-мұратымыз бір, алдымыздағы баланы, немерелерімізді білімді, парасатты, тәрбиелі етіп шығару. Тәрбие барысында балаға өз сөзімізді өткізе алмасақ, тәртіпке баули алмасақ болашақ ұрпақ қандай болмақ? – деген ой тастады. Барлық ата-аналарды мектептің жанашыры болуға шақырып, жаңа оқу жылының басталуымен тағы да құттықтап, өз сөзін аяқтады.

Жиналыстың шешімі:

1. Оқушылардың сабаққа түгел қатысуына, әрбір баланың бойына ұлттық құндылықты сіңіріп өсіру үшін түрлі іс-шараларды көбейтіп өткізу керектігін ұсынамын.
2. Мектеп асханасының жұмысы қанағаттанарлық деп, алдағы уақытта асханада оқушыларды тамақтандыру барысын жандандырып, бақылау күшейтілсін.
3. Көп балалы, аз қамтылған, тұрмыстық қиын жағдайда қалған отбасыларға көмек көрсету белгілі бір бағытта, жоспарлы түрде іске асырылып отырсын.
4. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу барысында атқарылып жатқан жұмыстар «Адал Ұрпақ» клубының жұмысы жоспарлы түрде іске асырылып, алдағы уақытта жұмыстың жүру, өту барысы жандандырылсын.
5. Мектептегі үйірмелер мен спорттық секциялар жұмысы жоспарлы түрде іске асырылып, сабақтардың өту барысы қатаң қадағалауға алынсын.

Жиналыс төрайымы  **Ж. К. Нұркүл**

Хатшысы  **А. Досалиева**





Бекетемін,
мектеп-гимназия
директоры Нұрқұл Ж.Қ

Орта білім беру ұйымдарындағы
балаларды тәрбиелеу мен дамыту жөніндегі
ата-аналарға педагогикалық қолдау бойынша
әдістемелік ұсынымдарға
1-қосымша

Қ.Тұрсынқұлов атындағы мектеп-гимназиясында жалпы ата-аналарды педагогикалық қолдау бағдарламасы

№	Тақырыбы	Мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1-4 сынып оқушыларының ата-аналарын педагогикалық қолдау бағдарламасы				
1	Отбасы - бақыт бесігі Ата-ана өмірінің басты мақсаты бақытты адам тәрбиелеу	1. Балалардың әл-ауқаты оның бақытты өмірінің негізі 2. Ата-ананың баланың әл-ауқатына жауапкершілігі 3. Кішкентай балалардың жас және әлеуметтік ерекшеліктері 4. Отбасында жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру: ата-ананың балаға назар аударуы, қолдау, позитивті қарым-қатынас, өзара түсіністік, сенімге құрылған қарым-қатынас 5. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға негізделген отбасылық тәрбие әдістері	26.10.23ж	Байжарқынова Ш Сапарбаева Қ Педагог-психологтар ДТДЖО
2	Білімдіге дүние жарық. Таным қуанышы: баланың қызыға оқуына қалай көмектесеміз?	1. Баланың жеке басын дамытудағы мектепке бейімделуінің маңызы 2. Баланың танымдық қабілеттерінің даму деңгейін және мектепке бейімделуін диагностикалау 3. Баланың есте сақтау қабілетін, зейінін, ойлауын және қарым-қатынас жасау дағдыларын ұлттық мәдениет негізінде дамыту әдістері 4. Үй тапсырмасы: көмектесеміз бе әлде... 5. Балалардың оқуға қызығушылығын арттыру үшін отбасы мен мектептің өзара әрекеті	14.11.23ж	Шушбаева Н Слан А Педагог-психологтар ДТДЖО

3	Әрбір бала – жарық жұлдыз Әр баланың ерекшелігін қалай ашамыз?	1. Баланың ерік-жігері мен мінезін ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеу 2. Баланың оқуына, мінез-құлқына және жасауына қарым-қатынас жасауына темпераменттің әсері. Баланың жақсысы-сүйініш, жаманы-күйініш. 3. Баланың даралығын темпераментіне сәйкес қалай ашуға болады? 4. Әр баланың бірегейлігін ашудағы отбасы мен мектептің өзара әрекеті.	15.12.23	Асанбекова П Кульбаева Б Педагог-психологтар ДТДЖО
4	Баланы жастан... Бала бойындағы тапқырлық пен эрудицияны қалай дамытуға болады?	1. Ойындар – баланы дамытудың негізгі құралы. 2. Интеллектуалды ойындар және олардың бала бойындағы тапқырлық пен эрудицияны дамытуға әсері. 3. Балалар мен ата-аналарға арналған ұлттық және отбасылық интеллектуалдық ойындар. 4. Баланың тапқырлығы мен эрудициясын дамытуда отбасы мен мектептің өзара әрекеті.	12.01.24	Байжарқынова Ш Сапарбаева Қ Педагог-психологтар ДТДЖО
5	Құмар ойындары – тәуелділік қақпаны Балалардың компьютерлік ойындарға тәуелділігін қалай жеңуге болады?	1. Компьютерлік ойындардың баланың психикасына әсері 2. Интернетті пайдалану режимін сақтау 3. Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен. Баланы ойынға тәуелділіктен қалай қорғауға болады? 4. Компьютерлік ойындарға балама ретінде: спорт, белсенді ойындар, шығармашылық, оқу, серуендеу, театр және т. б.	14.02.24	Шушбаева Н Слан А Педагог-психологтар ДТДЖО
6	Сенім арту - жетістік кепілі Қиын жағдайда баланы қалай қолдау керек?	1. Бала өміріндегі қиындықтар 2. Агрессия, өтірік айту, ашулану және басқа қиын жағдайлардағы баланың сезімі. Әдептілік, ар-ұят – адамдықтың белгісі. Тұрпайы мінез, жат қылық – надандықтың белгісі. 3. Қиын жағдайға қалған балаға түсіністікпен қарау 4. Қиын жағдайға қалған баланы қолдаудың тиімді жолдары 5. Жағдайды шешуде баланың күшті жақтарына сүйену	15.03.24	Асанбекова П Кульбаева Б Педагог-психологтар ДТДЖО
7	Әкені көріп ұл өсер, шешені көріп қыз өсер Балаға үлгі көрсету	1. Отбасында уақытты бірге өткізудің пайдасы. 2. Ата-ананың күнделікті өмірде үлгі болатын маңызды қасиеттері. 3. Балаға жақсы әдеттерді үйрету. 4. Уәдесін орындау – ата-ананың ең басты қағидасы. 5. Балапан ұядан не көрсе, ұшқанда соны іледі.	12.04.24	Байжарқынова Ш Сапарбаева Қ Педагог-психологтар ДТДЖО
8	Тәлімменен өрілген біздің дәстүр Дәстүрлер отбасылық әл ауқаттың негізі ретінде	1. Отбасылық дәстүрлердің өзектілігі. Отбасылық дәстүрлер – отбасындағы қарым-қатынасты нығайтудың, сенімнің, сүйіспеншіліктің көрінісі 2. Тәрбие тәліммен. Тату үйдің тамағы тәтті. Отбасылық дәстүрлер мен хоббиердің отбасының бірлігіне ықпалы 3. Отбасылық дәстүрлерді әдетке айналдыру жолдарын үйрету: практикалық әдістер	10.05.24	Шушбаева Н Слан А Педагог-психологтар ДТДЖО

		4. Мектеп пен ата-аналардың отбасылық дәстүрлерді сақтаудағы өзара байланысы, өзара құрмет және жаңа дәстүрлер қалыптастыру 5. Ұлттық дәстүрлер мен отбасылық дәстүрлердің сабақтастығы		
5-9 СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АТА-АНАЛАРЫН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ БАҒДАРЛАМАСЫ				
1	Баланың бас ұстазы – ата-ана Позитивті тәрбие	1. Жасөспірімдердің жас және әлеуметтік ерекшеліктері 2. Ата-ананың бала тәрбиелеудегі міндеті – кателіктерді, кемшіліктерді, ауытқуларды түзету емес, жасөспірімге оң әсер ету 3. Позитивті ата-ананың ерекшеліктері: жағымсыз көңіл-күйден жағымды эмоциялардың басым болуы; жасөспірімнің бойындағы ізгі қасиеттерге назар аудару, күшті және жағымды мінез-құлық қасиеттерін дамыту 4. Позитивті тәрбиенің принциптері мен ережелері. Позитивті тәрбиенің ұлттық бастаулары 5. Ата-ананың позитивті тәрбие нәтижесіне қанағаттануы және психологиялық саулық	27.10.23ж	К.Төлепберген Педагог-психологтар ДТДЖО
2	Ақыл айтпа, жол көрсет Жасөспірімнің бейімделуі	1. Жасөспірімнің физиологиялық (тұрғыда) бейімделуі, оның іс-әрекетін жақсарту жағдайлары. Ұлттық тамақтану мәдениеті - жасөспірімнің физиологиялық бейімделуінің мүмкіндігі 2. Жасөспірімнің әлеуметтік-психологиялық бейімделуі: негізгі қиындықтар 3. Өзінді өзін сыйламасан, өзгеден сый дәмепте. Бейімделу процесіне жасөспірімнің өзін-өзі бағалауының әсері 4. Жасөспірімнің отбасындағы қарым-қатынас дағдыларын дамыту 5. Жасөспірімнің табысты әлеуметтенуіндегі отбасы мен мектептің өзара әрекеттесуі	24.11.23ж 10.11.23ж	Айтенова Г Педагог-психологтар ДТДЖО
3	Балаға үйрету: ақылыңды мейірімге орап бер Бала жүрегіне жол табу	1. Мүшел жас. Жасөспірімнің жастық дағдарыстары, олардың көріністерінен шығу жолдары 2. Ата-аналар мен балалардың ортақ мүдделері – олардың өзара түсіністігінің негізі 3. Жасөспіріммен қалай қарым-қатынас жасау керек, конструктивті келіссөздер 4. Бір күндік ұрыстын қырық күндік қырсығы бар. Жанжал және оларды шешу жолдары 5. Ата-ана мен бала арасындағы эмоционалдық байланысты сақтаудың шарты - кешіре білу	22.12.23ж	Қалшабекова А Педагог-психологтар ДТДЖО

4	Бұлақ көрсен, көзін аш. Баланың шығармашылық қабілетін дамыту	1. Отбасы жағдайында жасөспірімнің шығармашылық ойлауын дамыту әдістері 2. Ертегі ойлап табуға үйрету 3. Қазіргі отбасында балалар шығармашылығын дамытудағы ұлттық ойындардың маңызы 4. Балалармен жүргізілетін шығармашылық әрекеттің тиімділігін арттыру 5. Шығармашыл тұлғаны дамыту үшін отбасы мен мектептің өзара әрекеттесуі	19.01.24ж	Тастанбекова Г Педагог- психологтар ДТДЖО
5	Ақпараттан ақ-қараны ажырату өнері. Жасөспірімнің желідегі әрекеті	1. Интернет және жасөспірімнің желідегі әрекетінің формалары 2. Жеткіншектердің интернетті пайдалануы: проблемалар, салдары және мүмкіндіктері 3. Ата-ананың жасөспірімді кибербуллингтен және интернет кеңістігіндегі қауіпті көздерден қорғау алгоритмі 4. «Болар елдің баласы бірін-бірі батыр дер...» Желідегі жасөспірімнің мінез-құлқына тәрбиенің әсері 5. Жасөспірімнің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша мектеп пен ата-ананың өзара әрекеті	24.02.24ж	Жұманова М Педагог- психологтар ДТДЖО
6	«Әр нәрсенің өлшемі бар...» «Қажеттілік» пен «қалау» арасындағы тепе-теңдікті қалай сақтауға болады	1. Жасөспірімнің қажеттіліктері мен қалаулары 2. Жасөспірім бойындағы қиын мінез-құлықтың белгілері 3. Жағымсыз эмоциялармен жұмыс істеу алгоритмі 4. Ашу - дұшпан, ақыл - дос. Өзін-өзі реттеу жолдары 5. Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу	19.03.24ж	Тасболат Қ Педагог- психологтар ДТДЖО
7	Жасөспірімдермен қарым-қатынас құпиялары Жасөспірім мінезінің ерекшеліктері	1. Жасөспірімнің өміріндегі ең маңызды нәрсе – достық 2. Қазіргі балалардың достығы. Жасөспірім субмәдениеттері 3. Жасөспірімдер арасындағы қақтығыстар. Қорқыту. Әдепсіз өскен адамнан, тәртіппен өскен тал жақсы 4. Ата-аналардың мінез-құлық стратегиялары 5. «Қабылдау», «құрметтеу», «шынайылық» сияқты ұлттық құндылықтар – адамдар арасындағы жағымды қарым-қатынастың негізі	19.04.24ж	К.Төлепберген Педагог- психологтар ДТДЖО
8	Отбасы құндылығы - сарқылмас қазына Құндылықтар - отбасы бақытының негізі	1. Отбасылық құндылықтарды қолданудың өзектілігі 2. «Көңіл кең болса, үйдің тарлығы білінбес»: Қонақжайлылық - отбасы құндылықтарының негізі 3. «Мейірімді ата - Мейірімді бала». Ұлттық құндылықтарды отбасында қалыптастыру және сақтау жолдары. 4. Бабалар дәстүрі - ұрпаққа өсиеті - отбасының құндылығы ретінде	17.04.24ж	Айтенова Г Педагог- психологтар ДТДЖО

		ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан дәстүрлерді талқылау және қолдану 5. Жасөспірімдер арасында ұлттық құндылықтарды сақтауда мектеп пен ата-ананың өзара әрекетінің маңызы		
10-11 СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АТА-АНАЛАРЫН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ БАҒДАРЛАМАСЫ				
1	Боламын деген баланың бетін қақпа, белін бу... Адамгершілік құндылықтар негізінде тәрбиелеу - тұлға қалыптасуының негізі	1. Жоғарғы сынып оқушыларының жас және әлеуметтік ерекшеліктері 2. Позитивті ата-ана тәрбиесі – жоғары сынып оқушысының өз болашағын өз бетінше құруға қалауы мен қабілетін қолдау 3. Тұлға дамуының негізі – өз бетінше әрекет ету 4. Ұлттық этика негізінде заман талабына сай өзін-өзі тәрбиелеу әдістері	10. 11. 23	Алмаханова Ұ Педагог-психологтар ДТІЖО
2	Көркем мінез – баға жетпес байлық Эмоционалды интеллект – табысты тұлғаның негізі	1. Эмоционалды интеллект және оның адам өміріне әсері 2. Эмоционалды интеллекттің құрылымдық компоненттері: өзін-өзі тану, өзін-өзі реттеу, эмпатия, қарым-қатынас жасау, (шешім қабылдау) 3. Күйзеліс кезіндегі мінез-құлық алгоритмдері мен тиімді тәсілдер 4. Өсіп келе жатқан балалармен қарым-қатынас мәдениеті 5. Сезім көрінісіндегі ұлттық ерекшеліктер	08. 12. 23	Бердібаева Д Педагог-психологтар ДТІЖО
3	Сен жанбасаң лапылдап... Балаға мамандық тандауға қалай көмектесуге болады?	1. Кәсіп - өзін-өзі жүзеге асырудың негізі 2. Темперамент, қабілет, мінездің ерекшеліктерін ашу – өзін көрсетудің кілті 3. Ұлы жол үйіңнің табалдырығынан басталады. Балаңызға мамандық пен кәсіп түрлерін тандауда қалай көмектесуге болады 4. Жоғары сынып оқушысының болашағын анықтауына кедергі болатын қиындықтар 5. Бойындағы бейімділікті дәл табу - өмірдегі бақыт пен табыстың негізі	28. 12. 23	Стыбаева Э Педагог-психологтар ДТІЖО
4	Құмарлыққа бой алдыру – тәуелділік құрдымы Жоғары сынып оқушыларының дамуындағы тәуекел аймақтары	1. Тәуелділік түрлері (тамақ, алкоголь, есірткі, химиялық заттар, вейп, құмар ойындар және т.б.) 2. Оқушы бойындағы тәуелділіктің белгілері 3. Сынықтан өзгенің бәрі жүзады. Тәуелділіктің алдын алу шаралары 4. Тәуелділіктің алдын алуда отбасы мен мектептің өзара әрекеттесуі	26. 01. 24	Оразхан Ж. Педагог-психологтар ДТІЖО
5	Жаксыдан қашпа, жаманға баспа...	1. Жоғарғы сынып оқушыларының интернет қауіпсіздігі 2. Жоғарғы сынып оқушыларының ойынға тәуелділігін диагностикалау 3. Жоғарғы сынып оқушыларының әлеуметтік желілер мен интернетке тәуелді	29. 01. 24	Алмаханова Ұ Педагог-психологтар

	Әлеуметтік желілер және ғаламтор кеңістігі: жоғары сынып оқушыларының қауіпсіздігі	мінез-құлқы 4. Интернетке тәуелділіктің алдын алу шаралары 5. Әлеуметтік желілер мен интернет кеңістігіне тәуелділіктің алдын алу бойынша отбасы мен мектептің өзара әрекеті		ДТДЖО
6	Күйзелістен шығар жол Күйзелісті жеңуге көмектесеміз	1. <i>Көңіл жақсы болғаны – өмір жақсы болғаны.</i> Сіздің ресурстық жағдайыңызды қалай қолдауға болады. Стресстен арылу әдістері 2. Эмоцияны бақылау – стресстен, күйзелістен шығудың жолы 3. Агрессия, депрессия, суицидтік мінез-құлық және стресстің басқа да экстремалды көріністері 4. Қателесу - тәжірибе жинауға мүмкіндік береді 5. Баланың күйзеліске төзімділігін қамтамасыз етудегі мектеп пен отбасының өзара әрекеті	20.03.24ж	Бердібаева Д Педагог-психологтар ДТДЖО
7	Сүйіспеншілік – сыйластық кілті Махаббат татулықтың негізі	1. Махаббат - отбасындағы эмоционалды тепе-тендіктің негізі. 2. «Айналайын» ұғымы, отбасында балаға жан-жақты қолдау көрсету 3. Эмоцияны білдірудегі шынайылық. Эмоционалды манипуляция. 4. Жоғары сынып оқушысымен «арнайы» тақырыптарда қалай сөйлесуге болады	26.09.24ж	Стыбаева Э Педагог-психологтар ДТДЖО
8	Атадан өсиет, анадан қасиет Ұрпақтан ұрпаққа берілетін отбасылық дәстүрлер мен құндылықтары	1. Халық дәстүрі мен отбасы дәстүрінің байланысы. Ұрпақтар сабақтастығы алдыңғы ұрпақтан жастарға білім, құндылықтар, көзқарастар мен дәстүрлердің берілуі 2. <i>Ананың ізін қыз басар, атаның ізін ұл басар.</i> Әке мен ананың отбасындағы рөлі 3. Отбасы тәрбиесінде міндетті түрде ескерілетін мәселе - қазіргі балалардың даму ерекшеліктері 4. Қазіргі құбылмалы қоғамда отбасылық дәстүрлерді сақтау	24.05.24ж	Оразхан Ж. Педагог-психологтар ДТДЖО

Кестені түзген:  Ұ.Досалиева

**Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының қызметін
жоспарлау. Педагогикалық қолдау орталығының төрайымдары
Т.Абдулла және Б.Ысмайыл**



**1-4 сынып оқушыларының ата-аналарымен
«Отбасы-бақыт бесігі»**

Ата-ана өмірінің басты мақсаты бақытты адам тәрбиелеу атты ата-аналарды қолдау орталығының № 1 сабағы



**1-4 сынып оқушыларының ата-аналарымен
«Білімдіге дүние жарық. Таным қуанышы: баланың қызыға оқуына
қалай көмектесеміз?» атты ата-аналарды қолдау орталығының
№ 2 сабағы**



**1-4 сынып оқушыларының ата-аналарымен «Әрбір бала-жарық
жұлдыз» Әр баланың ерекшелігін қалай ашамыз? атты ата-
аналарды қолдау орталығының
№ 3 сабағы**





**1-4 сынып оқушыларының ата-аналарымен Баланы жастан...
Бала бойындағы тапқырлық пен эрудицияны қалай дамытуға
болады? атты ата-аналарды қолдау орталығының
№ 4 сабағы**




**1-4 сынып оқушыларының ата-аналарымен «Әрбір бала-жарық
жұлдыз» Әр баланың ерекшелігін қалай ашамыз? атты ата-
аналарды қолдау орталығының
№ 3 сабағы**



орталығының № 5 сабағы



**1-4 сынып оқушыларының ата-аналарымен «Сенім арту-
жетістік кепілі.Қиын жағдайда баланы қалай қолдау
керек?атты ата-аналарды қолдау орталығының № 6 сабағы**



5-9 сынып оқушыларының ата-аналарымен «Баланың бас ұстазы-ата-ана. Позитивті тәрбие» атты ата-аналарды қолдау орталығының № 1 сабағы



5-9 сынып оқушыларының ата-аналарымен «Баланың бас ұстазы-ата-ана. Позитивті тәрбие» атты ата-аналарды қолдау орталығының № 1 сабағы



5-9 сынып оқушыларының ата-аналарымен «Ақыл айтпа, жол көрсет. Жасөспірімнің бейімделуі» атты ата-аналарды қолдау орталығының № 2 сабағы




5-9 сынып оқушыларының ата-аналарымен «Балаға үйрету: ақылыңды мейірімге орап бер. Бала жүрегіне жол табу» атты ата-аналарды қолдау орталығының № 3 сабағы






**5-9 сынып оқушыларының ата-аналарымен «Ақпараттан ақ-
қараны ажырату өнері. Жасөспірімдер желідегі әрекеті» атты
ата-аналарды қолдау орталығының № 5 сабағы**



10-11 сынып оқушыларының ата-аналарымен «Боламын деген баланың бетін қақпа, белін бу... Адамгершілік құндылықтар негізінде тәрбиелеу-тұлға қалыптасуының негізі» атты ата-аналарды қолдау орталығының өткізген № 1 сабағы



**10-11 сынып оқушыларының ата-аналарымен «Кұмарлыққа бой
алдыру-тәуелділік құрдымы»
«Жоғарғы сынып оқушыларының дамуындағы тәуекел
аймақтары» атты ата-аналарды қолдау орталығының өткізген
№ 2 сабағы**



10-11 сынып оқушыларының ата-аналарымен «Сен жанбасаң лапылдап. Балаға мамандық таңдауға қалай көмектесуге болады?» атты ата-аналарды қолдау орталығының өткізген №3 сабағы



**10-11 сынып оқушыларының ата-аналарымен «Құмарлыққа бой
алдыру-тәуелділік құрдымы»**

**«Жоғарғы сынып оқушыларының дамуындағы тәуекел
аймақтары» атты ата-аналарды қолдау орталығының өткізген
№ 4 сабағы**



«Құмарлыққа бой алдыру-тәуелділік құрдымы»
«Жоғарғы сынып оқушыларының дамуындағы тәуекел
аймақтары» атты ата-аналарды қолдау орталығының өткізген сабағы



«Құмарлыққа бой алдыру-тәуелділік құрдымы»
«Жоғарғы сынып оқушыларының дамуындағы тәуекел
аймақтары» атты ата-аналарды қолдау орталығының өткізген сабағы



**Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының қызметін
жоспарлау. Педагогикалық қолдау орталығының төрайымдары
Т.Абдулла және Б.Ысмайыл**



**1-4 сынып оқушыларының ата-аналарымен
«Білімдіге дүние жарық. Таным қуанышы: баланың қызыға оқуына
қалай көмектесеміз?» атты ата-аналарды қолдау орталығының № 2
сабағы**



**1-4 сынып оқушыларының ата-аналарымен «Әрбір бала-жарық
жұлдыз» Әр баланың ерекшелігін қалай ашамыз? атты ата-
аналарды қолдау орталығының
№ 3 сабағы**

